



ҚАЗАҚ

УНИВЕРСИТЕТІ

№ 09 (1350) 26 желтоқсан 2006 жыл



Газет 1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады



Т.Ә.ҚОЖАМҚҰЛОВ,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың ректоры

**Құрметті әріптестер!
Қадірлі студенттер!**

Баршаңызды бүкіл әлем жұртшылығы тойлайтын Жаңа жыл мерекесімен қатар келген күллі мұсылман қауымының Құрбан айт мейрамымен шын жүректен құттықтаймын. Ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздігіміздің он бес жылдығы құтты болсын. Дәл осындай қарқынмен алға ұмтылған Қазақстан болашақта тек Азияның ғана емес, бүкіл әлемнің “Барысына” айналатынына үміт зор. Жеті саны қазақ үшін қашанда киелі болған, олай болса, есік қағып тұрған 2007 жыл тәуелсіздігі түғырлы елімізге, барша қазақстандықтарға жаңа жетістіктер мен биік белестерді бағындырар табыстар әкелсін. Мерекелеріңіз құтты болсын!

ҚҰРБАН АЙТ ПЕН ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ БІРГЕ КЕЛУІ тек қана сәйкестік емес



Білім, ғылым, ізденіс өрқашан руханият әлемінің қайнары. Мемлекет пен елдіктің тізгіні де осында жатыр. Экономикалық дамуды бірінші таңдаған Қазақстан қазірде Орталық Азия ғана емес, ТМД елдері арасынан түрлі салада оқ бойы алға шығып, халықаралық аренада өзіндік үлгімен көш бастауға лайық тәуелсіз ел ретінде танылып келеді. Бүгінде әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарынан табылу стратегиялық ұмтылысы да осыны айғақ тұтса керек. Осы орайда, қазақ білімі мен ғылымының қасиетті қарашаңырағы - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті индустриалды-инновациялық бағдарламаларды жүзеге асырып, білімді де білікті, бәсекеге қабілетті мамандар

тәрбиелеуге бар күш-жігерін салып келеді. Университетте халықаралық ғылыми ұйымдардың бағдарламалары бойынша жүргізіліп жатқан 57 қолданбалы және ғылыми зерттеулер де осындай іргелі бастамалардан туындаған алғырлықты білдіреді. ҚазҰУ Қазақстандағы жоғарғы оқу орындарының ішінде алғашқы болып Болонье қаласында Университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойған еліміздің жоғарғы мектебі саналады. Бүгінде дүниежүзілік үлгі бойынша PhD ғылым докторлары дәрежесін беруді енгізу бағытында белсенді жұмыстар атқарып жатырмыз.

2005-2006 оқу жылында университетіміз мемлекеттік аттестациядан табысты өтіп, 173 бакалавр, 45 ма-

гистратура, 92 аспирантура, 61 докторантура, 25 PhD докторантура мамандықтары бойынша Қазақстан Республикасы көппрофилдік оқу орындары арасында бірінші орынды иемденді. Сонымен қатар, 2006 жылдың маусым айында мемлекеттік бақылау аясында жүргізілген аралық аттестаттауға 2506 студент қатысып, 99,7 пайыздық көрсеткішпен үлкен жетістікке жеттік. Университет 94 ғылыми мамандық бойынша аспиранттарды қабылдап, 61 докторантура ғылыми мамандығы бойынша мемлекеттік лицензияға ие болды. Біздің оқу орнымызда 24 диссертациялық кеңес жұмыс істейді.

ҚазҰУ оқыту жұмыстарымен қатар, ертеңгі ел болашағын тәрбиелік

бағытта даярлауда да үлкен жетістіктерге жетіп жүр. Ұлттық діл мен мәдени құндылықтарды дамытуда да біртұтас әрекет жасау үстінде. Мәселен, биылғы жылы Республика күніне орай ҚазҰУ-дың өнерлі жастары Ресей астанасы – Мәскеу қаласына барып, өнер көрсетіп қайтты. Сол сапарда Мәскеу Президент-холлында Халықаралық Іскерлік Кеңес Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жұмысын жоғарғы деңгейде бағалап, Халықаралық “2006 жылғы ұлттық экономиканың көшбасшысы” сыйлығын табыстады.

2006 жылғы үлкен жетістігіміз Тәуелсіздігіміздің 15 жылдық мерейтойына байланысты университетіміз Қазақстан Республикасы Президентінің “Сапа саласындағы жетістіктері үшін” сыйлығының лауреаты атанып, Елбасының өзі марапаттады. Бұл жетпіс жылдан астам тарихы бар университет үшін мәні зор үлкен оқиға, асқан мәртебе, лайықты баға деп білеміз. Еліміздегі білім ордалары ішінде мұндай аса көрнекті Президент сыйлығы марапатына Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ие болған тұңғыш жоғарғы оқу орны. “Алтын сапа” белгісі биылғы жеткен зор жетістіктеріміздің ішіндегі бағындырған ең биік шыңы болса, бұл сіздер мен біздердің Тәуелсіздіктің 15 жылдық тарихи асқарлы тұғырындағы мемлекеттілік пен елдікке қосқан үлесіміз.

Биылғы Жаңа жыл мерекесі қасиетті Құрбан айт мейрамымен тұспа-тұс келіп отыр. Мұндай сәйкестік бекерден-бекер бола салмаса керек. Ол ертеңгі туар жаңа күннің асқарлы да биік, берекелі де сүбелі болатындығының көрінісі секілді. Тек атар таң егемен дербес елімізге жақсылығын әкелгей!


БҮГІНГІ

СІНПІ:



ТӘУЕЛСІЗДІК –
тәтті ұғым
таңдайдағы,
«АЛТЫН САПА» –
қонған бақ
маңдайдағы

3-бет



Профсоюз «ПАРАСАТ»:
в единстве наша сила

5-стр



7-бет

«РУХТАР
ЕЛІНЕ ҰШУ»
рухыңның
тізгінінен
айрылу



■ Құттықтаймыз!

■ Қысқа-нұсқа

**V-ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
БІРІМЖАНОВ СЪЕЗІ**

7-9 қарашада Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде химия және химия технологиялары жөніндегі V-інші халықаралық Бірімжанов съезі болып өтті. Үш күндік съезд жұмысында Қазақстанда минералды және көмірсутек шикізатын өндіру, экологиялық тақырыптар мен қазіргі заманғы химия саласының түрлі мәселелері талқыға салынды. Бас қосуға ҚР ҰҒА президенті М.Ж.Жұрынов, ҚазҰУ ректоры, ҚР ҰҒА вице-президенті Т.Ә.Қожамқұлов, сондай-ақ, ірі ғалымдар мен белгілі мамандар және химия ғылымы мен технологиясы салаларындағы академиялық, ғылыми орталық жетекшілері, алыс-жақын шетел ғалымдары қатысты.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯ**

7-ші желтоқсанда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да экономика және бизнес факультеті маркетинг және коммерция кафедрасының ұйымдастыруымен ел тәуелсіздігінің 15 жылдығына арналған “Қазақстанның ұлттық бәсекеге қабілеттілігі: теориясы, тәжірибесі, болашағы” атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. Конференция жұмысында Қазақстанның өлемдік бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылу бағытындағы стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыру мәселелері жан-жақты тұрғыда талқыланды. Ғылыми басқосуға еліміздің ғалымдарымен қатар, шетелдік ғылыми ізденістегі тұлғалар, ҚР Парламенті мәжілісінің депутаттары мен Иран, Моңғолия, Польша, Оңтүстік Корея елшілері қатысты.

**ШЫҒЫС ЕЛДЕРІНІҢ
САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ**

Халықаралық қатынастар факультетінің жатаханасында желтоқсанның 6-сы күні “Шығыс елдерінің салт-дәстүрлері” деген тақырыпта мәдени іс-шара өтті. Кештің мақсаты – шығыс елдерінің салт-дәстүрін, оның ішінде ұлттық тағамдармен таныстыру болды. Мұнда оқытушылар мен студенттер қазақтың ұлттық тағамдарымен қатар, араб, жапон, түрік және қытай халықтарының ұлттық дәмдерін дайындап, олардың құрамдары бойынша әзірлеу құпияларымен бөлісті.

**ЖАС АҚЫНМЕН
КЕЗДЕСУ**

24 қарашада филология факультетінде “Көкжиек” әдеби-шығармашылық клубының ұйымдастыруымен IX Халықаралық “Шабыт” фестивалінің бас жүлдегері, Президент сыйлығының иегері, көптеген республикалық жыр мұшайраларының жеңімпазы, жас ақын Ерлан Жүніспен кездесу болып өтті. Ақынмен бірге жүздесуге Жамбыл облыстық “Арай” газетінің тілшісі, жас ақын Хамит Есаманов та қатысып, өз өлеңдерінен көпшілікке жыр-шашу арнады. Кеш соңында клуб жетекшісі Ләйлә Мұсалы “Шабыт” фестивалінің бас жүлдесі иесін адаспай тапқандығын айта келіп, ақынға студенттер атынан өз лебізін жеткізді.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 15 жылдық мерейтойы қарсаңында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бір топ ғалымы ел егемендігі жолындағы ғылыми және басқа да еңбектері үшін марапатқа ие болды. Атап айтар болсақ, “Құрмет” орденімен академик, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Мейірхан Мұбаракұлы Әбділдин, академик, философия ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Есім, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қалқаман Жұмағұлов, “Ерен еңбегі үшін” медалімен профессор Совет Исатаев Исатайұлы, “Парасат” кәсіподақ ұйымының төрайымы Мәншүк Мұқашева марапатталды. Сондай-ақ, тарих ғылымдарының докторы, профессор Сағымбай Қабашұлы Қозыбаев “Қазақстан жоғарғы мектебі мен ғылымына және журналистикасы дамуына қосқан үлесі үшін” наминациясы бойынша “Жыл адамы” деп танылды.



Мейірхан
ӘБДІЛДИН



Ғарифолла
ЕСІМ



Қалқаман
ЖҰМАҒҰЛОВ



Совет
ИСАТАЕВ



Мәншүк
МҰҚАШЕВА



Сағымбай
ҚОЗЫБАЕВ

Марапат иелерін ҚазҰУ профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер атынан “Қазақ университеті” газетінің ұжымы шын жүректен құттықтайды!

■ Международные связи

**Встреча на факультете
востоковедения**

Казахстан и Индию связывают давние дружеские связи. Индия была одной из первых стран, признавших независимость Казахстана. Дипломатические отношения были установлены в мае 1992 года, когда в Алматы открылось Посольство Индии. Посольство Казахстана в Индии было открыто в Нью-Дели в сентябре 1993 года. С тех пор отношения между нашими государствами продолжают успешно развиваться. Политика, экономика, торговля, культура, наука, образование - вот сферы успешного казахстанско-индийского сотрудничества.



Одним из символов этого сотрудничества явилось открытие на нашем факультете отделения хинди. С каждым годом растет число студентов, желающих изучать индийские языки, историю, культуру и литературу Индии. Благодаря помощи индийского правительства наши преподаватели и студенты могут стажироваться в университетах Индии.

30 ноября нынешнего года факультет востоковедения КазНУ им. аль-Фараби с официальным визитом посетила директор Индийского культурного центра при Посольстве Республики Индия в Казахстане г-жа Дипали Пал. Уважаемого гостя встречала декан факультета востоковедения д.и.н., профессор Нуржамал Абдразаковна Алдабек, заведующий кафедрой иранистики и индологии д.ф.н., профессор Отеген Кумисбаевич Кумисбаев, преподаватели и студенты факультета востоковедения.

С приветственной речью выступила декан факультета востоковедения, профессор Н.А. Алдабек, выразив благодарность за непрерывные теплые, дружеские отношения, за оказываемую помощь в организации ста-

жировок в вузах Индии для наших студентов и надежду на дальнейшее сотрудничество.

Директор Индийского культурного центра госпожа Дипали Пал тепло приветствовала всех и поблагодарила руководство факультета востоковедения за стремление развивать дальше культурные отношения. В своем выступлении она предложила организовать совместные культурные мероприятия, а также проинформировала студентов о программе ICCR, дающей возможность стажировок в Индии по различным специальностям.

Культурная программа началась с гимнов Казахстана и Индии, далее звучали песни, стихи на языках хинди и урду, завершил программу показ индийской традиции «Мехнди рат», что в переводе означает «Ночь мехнди». По индийской традиции, в ночь перед замужеством собирается вся женская половина со стороны невесты, совершаются песнопения, танцы, на руки и ступни девушки хной наносятся узоры, невеста получает наставления со стороны старших родственниц. Эту веселую сценку

подготовили студенты-первокурсники.

Студенты 4 курса Жулдыз Баирова и Гаухар Мухтар, вернувшиеся летом этого года из Индии после годичной стажировки, подготовили стенд «Индия в наших сердцах». Стенд был заполнен прекрасными воспоминаниями студентов об Индии, также была представлена информация о казахстанско-индийских отношениях, политической структуре, праздниках, религиях, гимне, флаге, гербе. Госпожа Дипали Пал была искренне восхищена тем, с какой любовью студенты изучают язык, культуру, литературу, историю Индии.

После окончания культурной программы директор Индийского культурного центра госпожа Дипали Пал тепло беседовала со студентами, с радостью отвечала на все заданные вопросы и была восторжена столь теплым приемом и прекрасно организованной программой, особо отметив интересную тематику выбранных стихов.

А.А. НАЛИБАЕВА,
преподаватель кафедры иранистики
и индологии



Желтоқсан айының басында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 15 жылдығы мен университетіміздің Қазақстан Республикасы Президентінің “Сапа саласындағы жетістіктері үшін” сыйлығының лауреаты атануына орай екі күнге созылған дәстүрлі “Менің Қазақстаным!” фестивалі өтті. Студенттердің жыл сайын асыға күтетін ұлттық рух пен жалынды жастық мерекесіне айналған бұл фестиваль көрермендерді ерекше көңіл-күйге бөледі.

сахнаға ректор Т.Ә.Қожамқұловтың өзі шыққан кезде студенттер қауымы орындарынан тік тұрып қарсы алды.

- Бұл марапат біздің университет үшін үлкен қуаныш, зор мәртебе, тарихи оқиға. Оған осында отырған ұжым мүшелерінің әрқайсысының қосқан үлестері бар, ең алдымен бұл сіздердің еңбектеріңіздің жанғаны! Осы зор марапатпен барлығыңызды

Тілеуханның “Елім менің” өнін орындады.

Фестивальдің екінші күні өнерлі студенттердің байқауы мен оның жеңімпаздарының гала-концертіне ұласты. Бұл күні сахнада өнер көрсеткендер осыған дейін өткізілген “Біздің жұлдыздар” атты жатақханааралық шығармашылық байқау сайысының жеңімпаздары болатын. Университет-

көрсетіп көрерменнің қошемет ықыласына бөленді. Байқауға барынша дайындықпен келген өнерлі өрендер бірінен-бірі асып түспесе, кем түспеді. Жүргізушілер журналистика факультетінің 2-курс студенттері М. Алғазы мен С. Әлімбаева сайыстың жүйелі әрі дәрежелі өтуіне өз үлестерін қосты.

Ұлттық өнеріміз бен домбыраның үні шарықтаған бұл сайыс университет студенттерінің өнерін тағы бір мәрте дәлелдеп бергендей. Олардың сапалы білім алумен қатар өнер саласынан кенже қалмағандығына куә болдық. Сайыста ұлттық музыкалық аспап әуенінің естілуі Қазақ ұлттық университетіндегі Тәуелсіз Қазақстан ұрпақтарының Отанына, еліне, жеріне, ұлттық мәдениетіне деген ерекше құрметінің белгісі екендігі анық.

Көрерменге ерекше көңіл күй сыйлаған сайыс қорытындысы бойынша № 1 жатақхана, халықаралық қатынастар факультеті бас жүлдені жеңіп алды. Ал 1 орын философия және саясаттану факультеті № 9 жатақханасының еншісіне бұйырды. Сондай-ақ № 4 жатақхана, география факультеті 2 орынды иеленсе, № 5 жатақхана, журналистика факультеті мен № 8 жатақхана, шығыстану факультеті 3 орынды жеңіп алды.

Сайысты қорытындылаған әділ қазыларымыз бас жүлдені жеңіп алған халықаралық қатынастар факультетінің № 1 жатақханасына магнитофон және басқа да жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар табыс етті. Бұл сайыстың бір ерекшелігі - өнер саласында өртітік шеберлігімен ерекшеленген студенттер университеттік “Менің Қазақстаным!” фестиваліне жолдама алған болатын.

Осы байқаудың жүлдегерлері фестивальдің екінші күнінде өз өнерлерімен көпшілікті тәнті етті. Олар журналистика факультетінің 1-курс студенттері Р.Оқасов пен Г.Мақанованың “Тәуелсіз Қазақстан” өлеңін оқулары, философия және саясаттану факультетінің 1-курс студенті Қ. Жәуітқова айтқан “Алматы өні”, 2-курс студенті Е. Ұябасовтың “Киік ана” термесі, филология факультетінің 1-курс студенті С.Омаштың “Тәуелсіз Қазақстан” (авторы өзі), тарих факультетінен Қ. Сейітжанның өлең оқулары, халықаралық қатынастар факультетінен Т. Сүйінбекованың шырқаған “Қазақ елі” өні және т.б. болды.

Түске дейін болған концертте жеңімпаз атанғандар гала-концертке жолдама алып, одан үздік шыққандар “Менің Қазақстаным!” фестивалінің дипломанты атанды.

Осылайша Тәуелсіздігіміздің 15 жылдығы мен университетіміздің “Сапа саласындағы жетістіктері үшін” сыйлығының иегері атануына орай өткен V “Менің Қазақстаным!” фестивалі өз мәресіне жетті.

Бұл университеттегі Тіл және тәрбие саласының жүйелі әрі ауқымды жұмыстарының арқасында жыл сайын өткізіліп келе жатқан фестивальдің Отанын, елін, жерін құрметтейтін, ұлттық нәрмен суарылған ұрпақ пен ел болашағы иелерін тәрбиелеуде маңызды орын алғандығының айғағы.

Галия АҚСЕЙІТ

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТӘТТІ ҰҒЫМ ТАҢДАЙДАҒЫ, «АЛТЫН САПА» – ҚОНҒАН БАҚ МАНДАЙДАҒЫ

Фестивальдің алғашқы күні “Тәуелсіздік тәтті ұғым таңдайдағы, “Алтын сапа” қонған бақ мандайдағы” атты салтанатты кешпен ашылды. Мұнда қазақ халқының тәуелсіздікке жету жолындағы қиын-қыстау кезеңдері, отарлық құрсаудағы жанкешті тағдыры бейнеленіп, бүгінгі жастардың білімге, ғылымға деген беталысы,

*ҚазҰУ-ым – түні сұлу арман қала,
Айтқан өн ұласатын таңдарға да,
Кеш бата қыз-жігіттің
күлкісімен,
Таусылмас сыр тыңдайды
орман-дала.*

*ҚазҰУ-ым – ғылымға бай
арман қала,*



олардың Елбасымыздың дамыған елу елдің қатарына ену туралы межесінің орындалуына қосып жатқан үлесі бейнеленген студенттердің өз күшімен дайындалған сахналық көрініс қойылды. Кеш барысында университеттің “Фараби сазы” оркестрі қазақтың ұлттық күйлерін орындап, “Махаббат” би тобы “Айжан қыз” биін биледі. Сонымен қатар, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да білім алып жатқан өзге ұлт өкілдері мемлекеттік тілде өз өнерлерін ортаға салып, жүрекжарды құттықтауларын жеткізді. “Мемлекеттік тіл – менің тілім” атты байқауда жеңімпаз атанған физика факультетіндегі өзге ұлт студенттерінің “Махаббат, қызық мол жылдар” атты қойылымы көрермендердің зор қошаметіне бөленді. Бұл университетіміздегі өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді жетік меңгергенінің дәлелі десек болады.

1992-2002 жылдар бейнесіндегі ару қыздар білім мен ғылымның қарашаңырағына, жастық пен махаббаттың киелі ордасына деген сезімдерін былайша жеткізді:

*ҚазҰУ-ым – сырға толы
арман қала,
Қанша жанның қызығы
қалған қала,
Өнер-білім, өн-күлкі,
сыр-махаббат,
Пейіштің бір бөлшегі
болған қала,*

*ҚазҰУ-ым – жырга толы
арман қала,
Жарықсың, түнек түн
кеп қалғанда да,
Жастардың жалын атқан
жүрегінің,
Қақ төрінен орынын алған қала,*

*Білімнің шамшырағы жанған қала.
Ұстаздың маңдай тері
тамған қала,
Шөкірті шаршы топты
жарған қала.*

*ҚазҰУ-ым – ғылым мен білімнің
Хантөңірі,
Шөкірттері білімді, тарпаң, ірі.*



*Ұлым деген ұлдарға ұя болған,
ҚазҰУ-ым – бүлкілдеген білімнің
қантамыры!*

Кеш барысында сөз алған Әл-Фараби бейнесіндегі жігіт білім қуып жүрген жастарға ақ батасын берді. “Менің Қазақстаным” фестивалінің ең түйінді, мақтанш сөзімдерге бөлейтін жан тебіренерлік сөгі – Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Т.Ә.Қожамқұловқа “Алтын сапа” сыйлығын тапсыру салтанатының зал толы жұртқа бейнетаспа арқылы телеэкраннан көрсетілуі болды. Содан кейін Президент тапсырған “Сапа саласындағы жетістіктері үшін” сыйлығының дипломы мен белгісін көкке көтеріп,



да құттықтаймын! - деп сөзін сабақтай бергені сол еді, зал толы жұрттың қол шапалағынан құлақ түнды. 70 жылдан астам тарихы бар, талай асулардан асып, биіктерді бағындырып жүрген еліміздегі алдыңғы қатардағы университеттің, онда еңбек ететін, білім алып жатқан жас-көрініс қуанышты сәті еді бұл.

Ректор Т.Ә.Қожамқұлов университет қызметкерлеріне осы зор қуанышқа орай сыйақы берілгенін айта келіп, 14 факультеттің студенттік жатақханаларына музыкалық орталық тарту етті.

Кеш соңында фестивальдің бірінші күніне қатысқан өнерлі студенттердің барлығы сахнаға шығып Н.Ә.Назарбаевтың сөзіне жазылған Бекболат

тегі жатақхана студенттері жоғары кеңесінің ұйымдастыруымен өткен бұл сайыс – студент-жастардың отансүйгіштік, азаматтық тенденцияларын қалыптастыру, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру мен таланттарын шыңдау мақсатында ұйымдастырылған.

Сайысқа әр жатақхананың студенттер кеңесінің өнерлі жастарынан құралған 13 шығармашылық топ қатысты. Байқау шарты бойынша әрбір жатақхананың өнер көрсететін шығармашылық тобына 20 минут уақыт берілді. Осы уақыт ішінде университетіміздің өнерлі студенттері байқау талабына сай ұлттық эстрадалық өн шырқап, тәуелсіздік, Отан, Қазақстан тақырыптарында өлең оқып, ұлттық би мен күй өнерлерін





■ Сүйінші!

21 желтоқсанда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінде Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдары теориясы мен тәжірибиесіне ғана қатысты емес, халықаралық ақпарат кеңістігінің бүгінгі ахуалынан сыр шертетін Қазақстанның еңбек сіңірген қайреткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Назмалы Омашұлы Омашевтың «Ақпарат әлемі» атты қос томдығының тұсаукесер рәсімі болып өтті. Оған Журналистер Одағының төрағасы Сейітқазы Матаев бастаған беделді де танымал Қазақстан БАҚ-ның жетекшілері мен бас редакторлары қатысты. Төменде сол әріптестеріміз түгелдерлік сүйіншілеген қос томдық жайлы бірер сөз.

ҰЛТТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАҒА ҰЛТТЫҚ ТҮРҒЫДА ПАЙЫМ ЖАСАЙТЫН ҚОС ТОМДЫҚ



сараптама жасау анау айтқан кісінің қолынан келе бермейтін әрекет. Мұндай тиянақты да бұзбағандықты қажет ететін талдамалық пайым мен парасат өркімнен табыла бермейтіні сөзсіз. Міне, осындай еліміздің ақпараттық кеңістігіне ғана емес әлемдік деңгейдегі ақпараттық кеңістіктің жай-жапсарына баға бере отырып, дәл бүгінгі өлем жаһандану деп даурыққан уақытта ұлттық ақпараттық қауіпсіздікті қалай түзу керектігі мен

журналистикасының ақпарат таратуға ешкімнен кем емес екендігін нақты мысалдармен дәлелдеп береді. Бірінші томның екінші бөлімінде ұлттық рух тұрғысындағы кестелі де келелі ойларын тебіреністі толғаныспен кемелдендіре жеткізеді. Қазақ үшін аса асқақ болуға тиісті ұлттық рух мәселесін Алаш арыстарынан, ұлт перзентерінің бойларынан іздейді.

Қазіргі таңдағы халықаралық ақпарат беру әдісі бұрынғы тәсілден тым алшақ, мүлдем жаңаша сипатқа ие. Бұл 2001 жылғы аты шулы “қаралы сейсенбіден” кейін өзгеше қарқынмен бастау алғаны белгілі. Сонымен қатар, бұл бір шетінен бүгінгі ақпараттың уақыт кеңістігін еркін әрі батыл, әрі көз ілеспес шапшаңдықпен билеп алуына да байланысты.

Ақпараттық технологиялар ғасырында өрбір күн керемет жаңалық әкеліп жатыр. Заман ағымында өрбір сағат емес, өрбір минут әлеуметтік, нарықтық, қаржылық, техникалық өзгерістерді қоғам өміріне енгізуде. Бұл түсінікті, себебі біз өмір сүріп отырған кезең – ақпарат ғасыры. Мемлекеттің жүргізіп отырған саясатын насихаттау мен үгітшілік-ұйымдастырушылық пішінінде көрсету ақпаратты өңдеу мен оны елге жеткізудің тиегінде өріледі. Мұндағы күш осы сала мамандарының иығына түсетіні белгілі. Өйткені, керемет саясаткер, ең күшті мемлекет, дүние жүзіндегі ең мықты халықтың өзі ақпаратсыз түкке тұрғысыз нәрсе. Бұл бүгінгі таңда аксиомаға айналған.

Кім-кімге де қызықты өрі керек дүниенің барлығы тек қана ақпараттан табылады. Ақпарат – адам санасындағы шындықтың болмысы. Ақпарат – құбылыстардан ақиқат деректерді алып, қоғам санасына құю. Ақпараттың күдіреті сол, шынайы өмірді нақтылай көрсетуі мүмкін немесе жалған боямалап сипаттауы да ғажап емес. Журналистік ақпаратсыз осының бәрі жоққа тең болып шығады. Сондықтан, өлем ақпараттың қандай болатындығын ақпарат таратушыға байланысты екендігін толық мойындағысы келмей келеді. Бірақ, нақтылығында солай. Қай ел ақпарат ауанында беделді, сол ел ақпарат тасқынына иелік етеді. Ойнайды. Бұл бүгінгі халықаралық деңгейдегі болып жатқан саяси оқиғалар тізгінінде айқын аңғарылып отыр. Бұған тосқауыл қою мүмкін емес десек те болады.

Бүгінде журналистиканың мән-маңызы күн санап артып, қоғамдық-саяси ауқымда бұқаралық қағидааттардың мұн-мұқтажын

таразылайтын безбендік институтқа айналды. Дегенмен, барлық БАҚ-тың өрбір болып жатқан қоғамдық-саяси оқиғаларға баға берудегі ұстанған көзқарасы да ешкімді бей-жай қалдырмасы анық. Бұл дегеніміз халықаралық қауымдастықта саяси ойын-өрнегін көрсететуде беделді алпауыт БАҚ түрлеріне тиесілі. Сондықтан, оларды әрдайым ақпарат таратуға нақтылық пен шынайылық жағынан таразылап отырған абзал. Ал оның ұлттық тұрғыдан ойлау жүйесіне құлаш ұрған ұлттық журналистиканы шетелдік көсемсөз кеңістігімен салыстырады. Ұлт мөйегі саналатын руханият пен ұлттық болмыс-бітімге ерекше назар аударады. Бұл “Жаһандану, ұлттық мүдде және журналистика” атты алғашқы бөлімінде айшықтала көрініс тапқан. Автор “Ақиқат қай тілде айтылады?” деген мақаласында “қазақтілді басылымдар қазақ тақырыбынан аса алмайды” деген қасаң пікірге салықалы байламдар жасай жауап беріп, қазақ

оны соны бағытта қалай дамыту қажеттігі жөнінде сыр шертетін қос томдық “Ақпарат әлемі” атты кітап “Қазығұрт” баспасынан жарыққа шықты. Авторы – белгілі публицист, филология ғылымдарының докторы, профессор Назмалы Омашев.

Оқуға жатық “Ақпарат әлемінің” бірінші кітабы жоғарыда атап өткеніміздей ғаламдану процесіндегі БАҚ-тың алар орны мен атқаратын қызметі туралы ой толғап, қазіргі таңдағы даму сатысына құлаш ұрған ұлттық журналистиканы шетелдік көсемсөз кеңістігімен салыстырады. Ұлт мөйегі саналатын руханият пен ұлттық болмыс-бітімге ерекше назар аударады. Бұл “Жаһандану, ұлттық мүдде және журналистика” атты алғашқы бөлімінде айшықтала көрініс тапқан. Автор “Ақиқат қай тілде айтылады?” деген мақаласында “қазақтілді басылымдар қазақ тақырыбынан аса алмайды” деген қасаң пікірге салықалы байламдар жасай жауап беріп, қазақ

“Ақпарат әлемінің” “Қазақ радиосы” деп аталатын екінші кітабында ғалым Назмалы Омашев өзі ғылыми мектебін қалыптастырған қазақ радиожурналистикасының тарихы, теориясы, тәжірибесі туралы зерделеген зерттеу еңбектерін жиынтықтап берген.

Ұлттық көсемсөз – қазақ халқының өсіп, өркендеу жолындағы жолбасшысы, ойсерігі, бағдаршамы. Ол 1870 жылдан бері ұлтпен біте қайнасып, оның заманауи даму үрдістерінде басты рөл атқарып келеді. Сонымен қатар, ұлттық журналистика қазақы сананың, қазақы рухтың тасымалды түрде өріс жаюында, санадан-санаға әсер етіп, қоғамдық пікір қалыптастыру бағытында тамырлы тарихи тағылымдармен құндақталып жатыр. Ана тіліміздің өспегенмен өшпей келе жатқаны да осы ұлттық көсемсөзбен байланысты екенін айта кетуіміз керек. Шындығында келгенде ақпараттың ұлттық мүдде тұрғысынан сарапталынып, қазақы психология тұрғысынан аудитория санасына сіндірілуі – ұлттық мемлекет құру бағытында аса қажетті фактор. Кезінде Ахмет Байтұрсынұлы “Газет – халықтың даушысы. “Жұртым” деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтатпайтын азаматтары газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарын қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасақ тырысады” деп жазуы осында болса керек. Бұл пікір өлі өз мәнін жойған жоқ. Өйткені, ақпарат кеңістігіндегі ұлттық журналистика қазақ елінің ғасырлар бойғы ірі күрес жолындағы дамуын жалғастырып келеді. Ал оған ұлттық мүдде тұрғысында, ұлттық рух тұрғысында сындарлы да салықалы түрде баға беру ұлттық серпіліс үшін аса қажет. Бұған ақпараттық кеңістігі ылғи даму үстіндегі қазақ журналистикасының нақты теориясы мен тәжірибиесін беретін филология ғылымдарының докторы, профессор Назмалы Омашевтің “Ақпарат әлемі” атты қос томдығы нақты дәлел.

Дәрмен СМАЙЫЛ

■ Дайджест

В зеркале СМИ

Вот еще один год приближается к своему завершению. Мы подводим итоги, чтобы прежде всего обозначить свое будущее, перспективу. Таким мы видим свое отражение в зеркале средств массовой информации.

Без преувеличения триумфом года можно назвать нашу победу в конкурсе на соискание премии Президента РК “За достижения в области качества”. КазНУ им. Аль-Фараби признан лучшим отечественным предприятием, предоставляющим услуги в сфере образования. Президент страны лично вручил диплом лауреата премии ректору нашего университета Толегену Абдисагитовичу Кожамқұлову. Этот новостной видеосюжет показали все телеканалы – “Хабар”, “Казахстан” и другие, написали об этом на своих первых полосах и главные республиканские газеты “Егемен Қазақстан” и “Казахстанская правда” (10 ноября 2006 г.).

“Казахстанская правда” опубликовала интервью с ректором КазНУ под весьма актуальным заголовком – “Толеген Кожамқұлов: Уни-

верситеты должны попеть за бурно развивающейся экономикой страны” (8 декабря 2006 г.). Выступление ректора КазНУ как руководителя ведущего вуза страны – это новое видение развития высшего образования в Казахстане и обозначение новых перспектив для университета.

Наши успехи во многом обеспечены главным завоеванием казахстанцев – обретением независимости. Главное событие этого года – 15-летие независимости Казахстана. К этой юбилейной дате и презентации премии Президента РК в области качества “Алтын сапа” было приурочено открытие 5-го ежегодного фестиваля “Менің Қазақстаным!”, о чем рассказали агентство “Казинформ”, “Казахское радио”, телеканал “КТК” (1-2 декабря 2006 г.). Юбилею независимости страны были посвящены прошедшие в университете международные научно-практические конференции: “Теория массовой коммуникации и современные технологии” (“Казахское радио”, “Казинформ”, ТВ “Алматы”, газеты “Айкын” и “Алматы ақшамы”, 6 декабря 2006

г.), “Казақстанның ұлттық бәсекеге қабілеттілігі: теориясы, тәжірибесі, болашағы” (“Казахское радио”, “Казинформ”, “Хабар”, 7 декабря 2006 г.), а также международная научная конференция “Интеграционные возможности Центральной Азии и практика Евросоюза”, организованная Центром Европейской документации КазНУ и Представительством Европейской Комиссии (“Казахское радио”, “Казинформ”, ТВ “Астана”, “КТК”, “Рахат”, 8 декабря 2006 г.).

Университет имеет большую историю и всегда чтит память о своих профессорах. К 95-летию корифея химического образования и науки Казахстана, члена-корреспондента НАН РК, профессора Б.А.Биримжанова в Алматы прошел V Биримжановский съезд химиков (“Казахское радио”, “Казинформ”, “Наука и высшая школа Казахстана”, 7-9 декабря 2006 г.). В декабре в стенах университета прошли мероприятия, посвященные 85-летию известного ученого, внесшего огромный вклад в журналистское образование Казахстана,

профессора Таумана Амандосова (“Казахское радио”, “Хабар”, “Алматы”, “Мир”, газ. “Айкын”, 5 декабря 2006 г.), и 80-летию известного ученого, педагога, публициста профессора Темирбека Кожакеева (“Казахское радио”, “Казинформ”, “Хабар”, “Рахат”, “КТК”, “Мир”, 15 декабря 2006 г.).

21 декабря на факультете журналистики КазНУ состоялась презентация первых двух книг многотомного издания “Ақпарат әлемі” (“Мир информации”) известного казахстанского ученого, публициста, профессора Назмалы Омашева. В нынешнем двухтомнике собран богатый и интересный материал, посвященный проблемам становления и развития казахстанской журналистики за годы независимости. В презентации нового издания приняли участие руководите-

ли и журналисты известных республиканских газет “Егемен Қазақстан”, “Ана тілі”, “Ақиқат”, “Казақстан-Заман”, “Түркістан”, “Айкын”, электронных СМИ – “Казахское радио”, “Казинформ”, “Хабар”, “Казахстан”, “КТК”, “Астана”, издательства “Қазығұрт”, 21 декабря 2006 г.).

Уходящий год принес нам много хороших событий, удач и побед. Не случайных – заслуженных. Пусть следующий год будет таким же – плодотворным, удачливым, интересным – и даже лучшим.

Желаем всем успехов, благополучия и процветания в новом 2007 году!

Пресс-служба КазНУ





7 декабря состоялась V отчетно-выборная конференция профсоюза «Парасат» работников КазНУ им. аль-Фараби, в которой приняли участие делегаты факультетов и подразделений, гости и приглашенные. На конференции выступили – с отчетным докладом за период с 10 января 2002 года по 7 декабря 2006 года председатель профсоюза «Парасат», доцент, кандидат филологических наук М. Т. Мукашева, председатель ревизионной комиссии Т. Н. Исмагулова, председатели профподразделений, гости. Все отмечали ту громадную работу, которую проделали профсоюзные активисты за пять лет, подчеркивая инициативу и трудоспособность. От имени коллектива профсоюзу были делегированы полномочия на заключение с работодателем и госорганами необходимых соглашений, состоялась выборы нового состава профкома и его рабочих органов. По их итогам председателем профсоюза «Парасат» на новый срок избрана М. Т. Мукашева. Предлагаем вашему вниманию материалы отчетно-выборной конференции.



**АКТИВНО
УЧАСТВУЕМ
ВОБЩЕСТВЕННОЙ ЖИЗНИ**

Э. А. БЕЙСЕТБАЕВА, председатель профбюро военной кафедры
У многих слово «профсоюз» ассоциируется с понимаем раздачи материальных благ. Но нужно понимать, что в первую очередь нужна отдача каждого для успеха общего дела. Профсоюзная жизнь на нашей кафедре оживленная, мы стараемся принимать активное участие во всех уни-

**НАШИ УСПЕХИ
И ЗАДАЧИ**

М. Т. МУКАШЕВА, председатель профсоюза «Парасат»:

Наш профсоюз активно занимается защитой социально-трудовых и гражданских прав, производственных, профессиональных, экономических и социальных интересов членов профсоюза – сотрудников университета, коллективных прав и интересов работников КазНУ. Ректор Т. А. Кожамкулов занимает четкую позицию говоря, что «В условиях рынка профсоюз имеет исключительное значение!»

Профсоюзная организация университета объединяет 34 профсоюзных организаций преподавателей, сотрудников и аспирантов общей численностью на настоящее время 3 918 человек.

За отчетный период состоялись 4 ежегодных отчетных конференции, где заслушивались отчеты о проделанной профкомом работы за год и отчеты ревизионной комиссии. Связь с первичными организациями осуществлялась через председателей профбюро и членов профкома. Основная работа профсоюзного комитета организована через соответствующие комиссии.

В связи с истечением срока действия были заключены два Коллективных договора. С учетом пожеланий сотрудников в него были внесены частичные изменения и дополнения.

Профком вместе с научно-исследовательской частью ежегодно проводит конкурс на лучшего организатора НИРС, что является вкладом в популяризацию занятий наукой в университете.

Профсоюзная организация КазНУ имени аль-Фараби является членом Евразийской Ассоциации Профсоюзных Организаций Университетов. ЕАПОУ образована в 1987 году. В настоящее время объединяет 57 классических университетов 9 стран СНГ. За это время проведено 19 съездов, мы регулярно активно участвовали в их работе.

К Международному дню охраны труда мы ежегодно, согласно разработанному совместно с администрацией университета положению «О смотре-конкурсе за соблюдением правил и норм по охране и технике безопасности», проводим смотр-конкурс на лучшую постановку работы по охране труда и технике безопасности в подразделениях университета. Победители награждаются дипломами и денежной премией от профкома.

Ректор нашего университета Т. А. Кожамкулов всегда подчеркивает, что «ветераны – наш золотой фонд». Профсоюзный комитет в течение отчетного периода регулярно выделял финансовую и практическую помощь Совету ветеранов. В 2005 году страна отмечала знаменательную дату – 60-летие Великой Победы. В связи с этим профком принял решение о выделении бесплатных путевок в санатории и Дома отдыха для ветеранов университета – участников войны.

Ежегодно проводится шахматная Олимпиада, посвященная Дню защиты детей среди детей ШПС и сотрудников университета в четырех возрастных группах. Не оставались без внимания сотрудники университета, одни воспитывающие детей. Мы продолжаем традиционное многолетнее шефство над детьми Детского дома поселка Каскелен, куда систематически выезжали с благотворительными акциями.

Профсоюз «ПАРАСАТ»: В единстве наша сила

С октября 2004 года наш профком подписал соглашение о сотрудничестве и активно работает с республиканским детским санаторием «Алау». За это время бесплатно более 60-ти детей наших сотрудников в возрасте от 3 до 7 лет отдохнули и оздоровились в этом санатории.

Вместе с традиционными формами, такими, как спартакиады, турниры, кроссы в масштабе университета в практику стали внедряться новые, как, например, факультетские состязания, Дни профессий, дружеские встречи с представителями других вузов. Все это свидетельствует о возрастающей активности профессорско-преподавательского состава КазНУ. Впервые в истории университета состоялась межфакультетская спартакиада «Кубок ректора КазНУ имени аль-Фараби» по пяти видам спорта. Долгожданным и любимым в коллективе является общеуниверситетский

ловым и проректорами вуза, начальниками служб и подразделений, деканами факультетов. Все они ценят и понимают важность нашей работы и мы находим с ними полное взаимопонимание. Думаю, что оно будет и в дальнейшем.

БАСТЫ БАҒЫТЫМЫЗ

Қ. Ө. СЕГІЗБАЕВА, гылыми кітапхана кәсіподақ ұйымының төрайымы

Соңғы кезде әлеуметтік-экономикалық жағдайдың көтерілуі кәсіподақтар жұмыстарының да алға басыуына игі ықпал етіп отыр. Кезкелген салада кәсіподақтардың беделі биік, мерейі үстем болып келе жатыр. Бұл еңбеккерлердің құқы қорғап, түрлі әлеуметтік жеңілдіктерге қол жеткізуге өсер етіп келеді. Ел басымыз өмірдің жоғарғы сападағы стандарттары бар бүгінгі динамикалық мем-

жасау, тамақтандыру, демалту, бос уақыттарын көңілді өткізу, салауатты өмір салтына араластыру мәселелерін шешуде.

Осылайша, «Парасат» кәсіподағы тек университет қызметкерлеріне ғана қызмет етіп қана қоймай, студенттердің өз қабілеттерін қоғам мүддесі үшін көрсетуге мүмкіндік туғызып отыр.

**ВETERАНЫ ВСЕГДА
В СТРОЮ**

Т. П. СТРУЦ, профорг общества ветеранов войны и труда

Наш профком всегда относится чутко к нуждам ветеранов. По мере возможности помогает отдохнуть в санаториях.

Ежегодно профком «Парасат» поздравляет ветеранов-юбиларов с юбилейным Днем рождения и оказывает им материальную помощь. Если ветераны нашей организации по болезни нуждаются в помощи, то профком всегда откликается на их нужды.

Это и есть то внимание, и забота, в которых нуждаются люди.

От имени нашей профсоюзной организации хочу выразить искреннюю благодарность председателю профкома «Парасат» М. Т. Мукашевой, а также членам профкома за заботу, внимание и чуткое отношение к нашим ветеранам.

Пусть такая опека ветеранов всегда остается в коллективе доброй традицией.

**ПРОФСОЮЗ – ПЕРВЫЙ
ПОМОЩНИК**

Б. О. ЖАҚЫП, декан факультета журналистики

Мы давно осознали и уважаем роль, которая принадлежит профсоюзным организациям. Важно, что все вносят свой вклад в развитие КазНУ им. аль-Фараби как флагамена вузов страны. В университете много успехов, и за всеми ними стоят люди. А у них есть много проблем, которые помогают решать профсоюз «Парасат». Это и поощрение творческого поиска, и конкурсы по профессии, множество массовых, спортивно-оздоровительных мероприятий, инициативы по помощи ветеранам и коллегам, попавшим в беду, благотворительность, поддержка народных традиций. Перечислять можно бесконечно. Умение безошибочно определять приоритеты, находить компромиссы, взаимовыгодно решать проблемы – это отличает председателя профсоюза «Парасат» М. Т. Мукашеву. Считаю, что ей вместе с сотнями профсоюзных активистов удалось реально показать, в чем состоит новая роль профсоюзов!

верситетских мероприятиях. Если чей-то дом постигло несчастье, кто-то выходит на пенсию, у кого-то юбилей, а у кого-то родился ребенок – наш «Парасат» не оставляет никого без внимания. Хочу поблагодарить профсоюз университета, что нам никогда не отказывали в помощи ни в радости, ни в горе.

ДОСТОЙНЫЙ ПРИМЕР

Г. СЕРИМ, председатель студенческого профсоюза «Сункар»:

Деятельность профсоюза сотрудников университета – своеобразный маяк для нашей работы. Поднятые социально-экономического уровня общества оказало свое влияние и на профсоюзную жизнь. Усиление роли профсоюзов в различных сферах способствует улучшению защиты прав трудящихся, возможности решать свои насущные проблемы.

Профсоюз «Парасат» во главе с М. Т. Мукашевой за эти пять лет провел грандиозную работу, которая помогла сплотить коллектив, внедрить новые формы правовой защиты, отдыха, оздоровления. Одно только санаторное лечение с 50-процентной скидкой говорит о большой заботе профсоюза о членах своего коллектива.

Мы хотим и в дальнейшем видеть во главе профсоюза М. Т. Мукашеву, хотим, чтобы всегда она была вдохновителем достойных дел.

**ОБЪЕКТИВНАЯ
ОЦЕНКА**

Ж. А. АБИЛОВ, декан химического факультета, профессор, доктор химических наук

Я подхожу объективно к оценке деятельности нашего университетского профсоюза. Считаю, что если работа выполняется, и на очень высоком организационном уровне, как мы постоянно видим, то об этом нужно и важно говорить. Хочу отметить, что со стороны профкома наш факультет всегда получал и поддержку, и помощь во всех наших начинаниях.

Особо хочу отметить усилия профсоюза по санаторно-курортному оздоровлению наших преподавателей, которые стали забывать о том, что такое отдых в санаториях. Именно благодаря нашему профкому многие наши профессора и преподаватели смогли поправить свое здоровье в санаториях, 50% стоимости путевок оплатил профсоюз «Парасат».

Наш факультет оценивает положительно работу профкома и деятельность ее лидера – Маншук Тынышкалиевны Мукашевой и на новый срок в качестве председателя профкома мы поддерживаем ее кандидатуру!



«Праздник Зимы». В 2002 году была возобновлена система питания нуждающихся в этом по медицинским показаниям преподавателей, сотрудников, аспирантов. На основе писем и обращений факультетов на базе нашего спорткомплекса были организованы для девушек и женщин – сотрудниц университета – группа «Здоровья» и группа для занятий по аэробике.

Ежегодно наши преподаватели и члены их семей отдыхают в СОЛ КазНУ на Иссык-Куле. Профком закупил и передал в дар лагерю спортивный инвентарь, выделял средства на проведение спортивно-массовых мероприятий. Сотрудникам университета предоставлялись льготные путевки. С января 2005 года воплощается в жизнь программа оздоровления ППС, сотрудников, аспирантов в санаториях с 50-процентной скидкой, средства выделены из профсоюзной казны.

Хочу сказать спасибо всем нашим профсоюзным активистам. Ведь за строками и цифрами отчетного доклада стоит труд большого числа людей. Главное, что отличает их – это стремление сделать своим трудом, внести вклад в развитие нашего университета.

Уважаемые коллеги! Такая плодотворная работа стала возможной благодаря постоянной поддержке всех начинаний профсоюза «Парасат» ректором университета Т. А. Кожамку-

лекет ретіндегі Қазақстанның дамуы тек адам әлеуетін, азаматтардың іскерлігін белсендіріу, азаматтық қоғамның қалыптасуы негізінде ғана мүмкін болады дей отырып, азаматтық қоғамның институттары дамуына және азаматтық ынтарларды жүзеге асыруға жағдай жасау үшін 2006 жылғы 25 шілдеде демократиялық реформалардың Жалпы ұлттық бағдарламасына және 2006 жылдың 1-наурызіндегі жолдауындағы аталған әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылу стратегиясын ескере отырып, 2006-2011 ж.ж. Қазақстан Республикасының азаматтық қоғамды дамыту концепциясын мақұлдады. Сондай-ақ Алматы қаласының әкімі, Алматы кәсіподағы және Алматы қаласының өнеркәсіпшілері мен жұмыс берушілерінің 2005-2007 жылдарға арналған үш жақты Аймақтық келісімі барлық талаптардың жүзеге асуына оң ықпал етіп келе жатыр. Сонымен қатар, 1993 жылдың желтоқсан айында құрылған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау, ақпараттық, оқыту іс-әрекетін басты бағыт қылып алған, демократиялық мемлекет құрудың бір кепілі ретіндегі «Парасат» кәсіподағы оның төрайымы М. Т. Мукашева мен университет басшылығының қолдауымен алға басып келеді. Бүгінгі күні университет қызметкерлеріне әлеуметтік жеңілдіктер


От имени ректората, всех факультетов и подразделений сердечно поздравляем с переизбранием на новый срок председателем профсоюза «Парасат» Маншук Тынышкалиевну Мукашеву!
Вы многое сделали для становления профсоюзного движения не только в КазНУ, но и в республике, став признанным лидером. Реформы, в которых нуждалась эта общественная структура, оказались непростыми, но они преодолены с честью. Пусть крепнет авторитет профсоюзов, ведь все мы делаем общее дело!



■ Мәселе

«РУХТАР ЕЛІНЕ ҰШУ»

рухыңның тізгінінен айрылу



- өлім күтіп тұратыны белгілі.

Бір ғана рет жан рақатына бөленіп, одан кейін жоламаймын дегеннің баршасы да бір ғана мөлшерден соң, барлығын - өмірді де, денсаулықты да, тіпті өзін-өзі де танудан қалады. Ал ондай жанды азамат деуге ауыз бармайды. Ол енді есірткінің құлы.

Есірткі бір нашақордың ғана өмірін тас-талқан етіп қоймайды, ол бүкіл адамзат қоғамына әсер етеді. Қандай жолмен? Есірткіге елтіген бір жасөспірім өзінің ортасында он жас буынды осы қасіретке шалдықтырады екен. Сонда ол нашақордың әрбірі тағы да он адамды осы жолға салып, нашақорлар саны геометриялық прогрессиямен көбейеді деген сөз. Халықтың бір бөлігінің есірткіге салынуы қылмыстың, аурулардың артуына, атап айтқанда ЖҚТБ вирусты гепатиті және тағы сол сияқты дерттерден кез-келген ұлттың гендік қорының әлсіреп, жойылуына өкеліп соғатыны мәлім.

Соңғы жылдары еліміздегі есірткінің заңсыз айналымы ұлттық сипаттағы мәселеге ие болып отыр. Бұл мәселенің Елбасының төрағалығымен өткен Қауіпсіздік кеңесінде де талқылануы, «Нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес туралы» заңның орындалуына прокурорлық қадағалаудың жүргізілуіне пәрмен беріліп отырғаны да сондықтан. Дегенмен, есірткінің, психотропты заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына тосқауыл қою тетігін күшейту үшін, есірткіге құмарлық пен есірткі бизнесіне тосқауыл қоятын арнайы заңнама қажет. Наркобизнесінің алдын алмасақ, нашақорларды азайтудағы өрекеттеріміз нәтижесіз болмақ. Өйткені, есірткі мен оны таратушылар бар болғандықтан, оған міндетті түрде елтігендердің болуы - заңды құбылыс.

Жастардың көпшілігі есірткі зиянын білгенімен оның құрығына ортасының өсерінен, қорқыту, алдану арқылы да түседі. Бұл зұлымдықтың алдын алу үшін ең бірінші - жастар санасын дұрыс қалыптастыруымыз керек. Мектеп табалдырығын аттағаннан бастап, көк өрім ұрпаққа есірткінің зардабын айтып, оларға нашақорларды не күтіп тұрғанын жеткізе білсек, жасөспірімдердің жадында бұл сөздер сабақ ретінде қалыптасып, өмір бойы аулақ жүруге тырысады. Жастар елінің ертеңгі болашағы екендігімен қатар, мемлекетіміздің гүлденіп, қарыштап дамуына үлес қосулары керектігін сезінулері қажет. Яғни, жастайынан көкірек төрінде патриотизмді қалыптастырып, ояту басты міндеттердің бірі.

Қорыта айтсақ, ғасыр індетіне шалдығу - ұрпақ түп-тамырына балта шабумен тең. Ал ондай ұрпақ кімге керек?!

Сен халқыңның болашағысың, сондай екен, тек сол елінің гүлденуіне атсалыс. Есірткісіз болашаққа аяғыңды нық басып, еркіңе жол берме.

Лаура СЕЙІТБЕК,
ҚазҰУ-дың 3 курс студенті

Сәл шегініс жасап, өткен кезеңдерді еске түсірейікші. Қаймана қазақ есірткіге елтігендерді көрмек түгілі, ондайлардың мына тірлікте бар екендігінен мүлде бейхабар болатын. Ал қазір ше? Қазір ғасыр індетінің өршігені сонша, нашақорлармен бір үйде тұру, көршінің көнігі нашақор екені, есірткі заттарын кімнің қай жерде сататынын баршаның білуі үйреншікті нәрсеге айналған.

Нашақорлық - адам баласын сонау ықылым заманнан бері толғандырып келе жатқан мәселелердің бірі. Сонау ерте кезде есірткі түрлерін Америка, Сібір халықтары қиял арқылы «рухтар еліне ұшу» үшін (солай болады деп ойлаған), Азия халықтары бой сергіту, асқынған аурулардың зардабынан арылу үшін пайдаланған. Алайда, бұл мәселеге 1909 жылдан бастап қана назар аударылып, сол жылы алғашқы халықаралық конференция өткізілді. Дәрі-дәрмектік өсімдік ретінде апиын алғаш рет халықаралық есепке алынды, заңсыз айналымға түспеуіне қатаң бақылау жүргізілетін болды. Жыл сайын 26-маусым - есірткіге, оны пайдалануға, заңсыз жолмен айналымға түсіруге қарсы халықаралық күн ерекше аталып өтіледі. Қазіргі қоғамда нашақорлық хақында екі түрлі көзқарас қалыптасқан. Бірі - өз азаматтарын өндіріске, мәдени және қоғамдық өмірге белсенді түрде қатыстыра отыру арқылы теріс қылықтардан алыстатуға бағытталған қоғамдық тұрғыдағы көзқарас, екіншісі - қоршаған ортаның жағымсыз ықпалына берілмей қиындық қыспағынан шығу жөніндегі көзқарас. Десек те, нашақорлар мен қоғамдағы адамдардың арасын әлдебір көзге көрінбейтін шымылдық, яки қабырға бөліп

тұрғандай. Олар өмірден баз кешкендей, оқшау жүргенді ұнатады.

Нашақорлық - бір бас сұқсаң айықпас дертке ұшырататын қауіпті індет. Бір рет дәмін тартқан адам сол мезетте-ақ анық, құлақкесті құлға айналып жүре береді. Тіпті, ауруханада жылдап жатып, арнайы курстардан өткендердің өзі ескі ортаға қайта оралып, инеге қалай тәуелді болғанын сезбей де қалады. Зерлі ұдың дәмін татар уақыт келіп, сай сүйегі сырқыраған сәтте дөніккен жан, өн-бойын жайлаған дерттен құтылу үшін, қажетті мөлшер ұнтақты (дозаны) сатып алу үшін неше түрлі сұмдық өрекеттерге жасқанбай бара береді. Өкініштісі сол, есірткіге жанадан ауызданғандарды көнігі нашақорлардан ажырату өте қиын.

Нашақорлық - өте қауіпті әлеуметтік ауру. Адамның жүйке жүйесін жаулап алатын дерт. Есірткінің марихуана, героин, апиын секілді т.б химиялық қосынды түрлері адамның орталық жүйке жүйесін уландырады. Қозу пайда болады, мөңгіртп, не істеп, не қойғанын білмей қалатын дәрежеге жеткізеді. Құрығына оп-оңай түсіріп, ілінген жанды құртпай тынбайды. Алғашында қызығушылық, «дәмін татып көрсем қалай болар екен?» деген ішкі өтініші орындалады. Өзін бақытты сезінеді. «Тағы бір көрсем ештеңе етпес» дейді. Тағы, тағы... Содан кейін көңілі ауып, елігіп тұрғанын, онсыз жүре алмайтынын өзі де байқай қалады. Бұл өсерілеу емес, шындық. Есірткі шегушілердің айтар ортақ ойы.

Ең бірінші рет еліктеушіліктің, қызығушылықтың немесе түрлі басқа да жолдар арқылы осы жолға түскен адамды түбінде бір ғана нәрсе

■ Алаштан қалған асыл сөз

Міржақып ДУЛАТОВ

Қазақ тілінің мұңы

(Мыңбайұлы Жалау мырзаға)

Мен заманында қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларының бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім.

Енді қандаймын?
Кірленіп барамын, былғанып барамын.
Жасыдым, мұқалдым.
Мен не көрмедім?

Маған әкеліп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шүлдірлетіп ноғайды, былдырлатып орысты араластырды. Бір күндерде мені мүлде жоқ қылғысы келгендер де болды. . .

Төңкеріске шейін көрмегенім қалған жоқ. Төңкеріс болмаса менің һәм - бейшара қазақ менен айырылатын да шығар деп едім.

Төңкеріс болды. Қазақтың көзі ашылды. Қазақтың көзі ашылған соң, менің де күнім туды

ғой деп қуанушы едім. Жаны жөндем кеткір миссионерлердің, молдалардың, тілмәштардың қолжаулығы болудан құтылдым ғой деп ойлаушы едім. Оның үстіне қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын деген заң шықты. Төбем төрге төрт елі жетпеді. Бірақ, не керегі бар, босқа қуанған екенмін. . .

Жанның бәрі теңдік алып жатқан кеңес үкіметінің тұсында менің бұтымды бұт, санымды сан қылып кім көрінген созығылай бастады. . . Не амалын бар? Құдай басқа салған сон көніп отырмыз. . .

«Қазақыландыру» бір пәлесі шықты да көрген күнім одан да қараң болды. Бірдемені бұтып-шатып жазды да, міне, сені қазақыландырдық дейді. . .

Енді қайтемін? Бұл мұңымды кімге айтамын, кімге шағамын! . . .

...ата-бабаң қазақ еді ғой, мен солардың тілі едім ғой не жазығым бар, ая мені!

■ Кафедра

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМА ҚАЖЕТ

Болашақ ұрпақты тәрбиелеу бүгінгі күннің еншісінде. Отан отбасыннан басталады десек, әрбір ата-ана баласына, қала берді қоғам қандай тәрбие беруде?

Қазіргі таңда қазақ баласының бойына ұлттық болмысты сіңіруге бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде телеарналардың мүмкіндігі зор. Бірақ, солай бөліп-жарсақ та біздің телеарналардың қабілет-қарымы қазақы ұлттық патриоттық тәрбие беруге жетпей отырған секілді. Өйткені, барлық арналарда жас ерекшеліктеріне сәйкес балаларға арналған бағдарламалар жоқ деуге болады. Олардың көпшілігі рухани тәрбие беретін қазақ тілді тұрақты бағдарламалар көрсетпейді. Тек қана мереке күндері бірінен соң бірін жарыса көрсететін «Менің атым Қожа», «Алпамыс мектепке барады», «Жүйрік болсаң, озып көр» секілді ескі кинофильмдер ғана. Бұлардың беретін тәрбиесі емес, лентасы да ескірген. Қазіргі заманауи, бірақ ұлттық болмыстағы қазақша кинолар, түрлі таным парасатты арттыратын бағдарламалар жоқ болғандықтан, қазақ балалары санасын қатыгездікпен улайтын шет ел киноларын, мультфильмдерін көруге мәжбүр. «Ана тіліміздің тағдыры қыл үстінде тұр, тілімізді дамытуымыз керек, жастар қазақша сөйлемейді» деп шырылдағанымызда ертеңгі жастар - бүгінгі бүлдіршіндер екендігін естен шығармағанымыз жөн болар. Бұлай дейтін себебім, кішкентай балалар бір-бірімен орыс тілінде пікір алмасады және де телеарналардан орыс тіліндегі бағдарламаларды көреді.

Бір күні қоғамдық көлікте қызық жайға тап бодым. Автобус іші шуылдаған балалардың дауысына тұнып тұр. 4-5 сыныпта оқитын оқушылардың өңгімесі күн төртбіне ауысты. Барлығы бір үйде тұратындай, ортақ күн төртбін жасап алғандай бірінен соң бірі: «Сабақтан келемін, тамақтанған соң «Сырғаны» («Қазақстан»), «Үш әйелді» (корей сериалы), «Дом 2-ні» («ХитТВ») көремін, содан кейін далаға шығамын. Кешке сағат алтыда «Екінші өмірді», «Оққағарды» (КТК), «Қыналы қар» («Қазақстан»), «Дом 2-ні» («Хит ТВ») көремін. Одан кейін ұйықтаймын. Таң ертең ерте тұруым керек, сабаққа кешігіп қалуым мүмкін ғой, - деп жарыса санамалап айтып шығып жатыр. Оқушылардың көріп-тамашалайтын бағдарламалардың барлығы ересектерге арналған. Рухани төлім-тәрбие бермейтін бағдарламаларды көретін балалардың бір де бірі ұй тапсырмасын орындайтындығын, көркем әдеби кітап оқитындығын айтпады. Болашақта кітап оқып дағдыланбаған баладан шала, қара дүрсін ойлайтын адам шықпасына кім кепіл?!

Сондықтан да, болашақтың іргесі мықты болуы үшін ұлттық, патриоттық тәрбие беретін телебағдарламаларды ашып, кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру қажет-ақ. Арамдықтың орнына адалдықты, қатыгездіктің орнына мейірбандылықты насихаттайтын бағдарламаларды көріп, ой-өрісін, таным-түсінігін кеңейтетін кітаптарды оқып өскен ұрпақ ертеңгі еліміздің сенімді болашағы екені дайсыз.

Қарлыға МЫРЗАЛИМОВА,
ҚазҰУ-дың 3 курс студенті

РЕДАКЦИЯДАН: Сізді қандай мәселе толғандырады, азамат. Бөліскіңіз келсе, «Кафедра» мінбері сіздікі. ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.



● **Бас жүлде**



Жарас КЕМЕЛЖАНҰЛЫ,
журналистика факультетінің
2 курс студенті

**ЖЕЛТОҚСАН
ЖҮРЕГІМДЕСІН**

Алаштың ақшары болған
Алматы түнекке оранды.
Шақ еді ақшамында оннан,
Бақ елім тілекке ораулы.

Қан жауып көкжиекке арғы,
Қазақтың ұшқардай өлкесін.
Алатау кекжие қалды,
Қарғыбау қысқандай желкесін.

Фазалға сінгендей үні де,
Кенеттен кеудеден жан шықты.
Ажалға сінгендей күні де,
Тұтылды түнекке айшықты.

Тұрса да күйінды қар борап,
Жібермей жігері намысын.
Алаш деп аттан сап алды орап,
Аланды төгілген қан үшін.

Кеудеден 16 мың үнмен
Кернеген жан ұшқанда ары,

Индира ЧАЙЗАДИНА,
журналистика факультетінің
1 курс студенті

АНТИПАРАЛЛЕЛИЗМ

Ой-өрісім ұшталады қаламмен,
Сан сұрақтар сабылысып санаммен,
Еске алам өткен өмір өрнегін
Кей кездерде бетпе-бет кеп жараммен.

Таласқанмен бермей болмас келісім,
Бұза алмасын қатал тағдыр желісін,
Он бес жылдық тәуелсіздік шуағы
Мойындатты-ау ұлтымыздың жеңісін.

Жырлап өтем қазағымның елдігін,
Қыршын болған жастарымның ерлігін.
Лөззат, Қайрат өз халқымның жігері,
Тұғырлатқан Қазақстан теңдігін.

Лаулай берсін желтоқсанның алауы,
Желбірей бер, тәуелсіздік жалауы.
Осы еді ғой, ақ арманы жастардың,
Осы еді ғой, халқымыздың қалауы!

**ТӘУЕЛСІЗДІК ТӘНІР НҰРЫ –
АМАНАТ!**

Ұлан-байтақ, дариға, кең, арқа далам,
Талай қанды тарихты арқалаған.
Бағымызға баян болған тәуелсіздік,
Шаһид болған сен деп талай ата-бабам.

Тәуелсіздік тұғырлы көп белендермен,
Азаттық деп аққан ыстық терең термен.
Қазағымның басына бақ боп қонды,
Ең әуелі Аллаһым ол сенен келген.

Тәуелсіздік жан-дәулетім, ырыс-бағым,
Өзіңмен бір өрістеп, тыныстадым.
Қазағымның әр қадамы гулге оранып,
Бейбітшілік, шүкір Алла, тыныш тағым.

Қиылды дұшпаннан өңмен
Апат боп алысқандары.

Алатау жия алмай есін
Алматы қан құсты ақ қарға,
Жастықтың қия алмай кешін
Тәуелсіз ән үшты аспанға.

Алаңға шыққанда таныс үн
Қалтырап дүние қас-қағым,
Жанымен төгілген намысын
Қанымен ұстады жастарым.

**ЖЕЛТОҚСАНҒА
АРНАУ**

Он алты күн қап-қара
Күн түнек боп тұтылды.
Он алты мың жақшаға
Есімдері жұтылды.

Он алты мың үн шықты,
Он алты күн алаңда.
Он алты жыл күрсінтті
Он сегіз мың ғаламды.

Он алты мың қыршының
Он алтыда қиылды,
Он алты мың үйінді
Бір шұңқырға үйілді.

Он алты мың қыршынды
Он алтыда көр алды,
Он алтыда қыр сынды
Оңалдырмай керарғы.

Он сегіз мың ғаламды
Он алты күн соттатты,
Он сегіз мың адамды
Он алты күн жоқтатты.

Он алты мың қан тамып,
Он алты мың үл өсті.
Он алты мың жан тамуқ
Он алты жыл күресті.

Он алты емес дәл бүгін
Жиырма жылға толды анық.
Оңымен баға алды кім?
Жолымен жүріп толғанып.

Қазақ радиосы осыдан біраз бұрын Желтоқсан оқиғасының 20 жылдығына арнап, “ЖЕЛТОҚСАН - ЖҮРЕГІМДЕ” атты республикалық мүшәйра ұйымдастырған болатын. Қуаныштысы сол, осы республикалық жыр-додасында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің 2 студенті Жарас Кемежанұлы бас жүлдені ұтып алды. Бірінші орын да біздің білім ордасына бұйырды. Осыған байланысты, жыр мүшәйрасының жеңімпаздарының өлеңдерімен қатар, оттай жалындаған өзге де жастарымыздың жүректерінен шыққан өлең шумақтарын газетімізге жариялауды жөн көрдік.



● **Бірінші орын**



Қуаныш НҮРДАНБЕКҰЛЫ,
журналистика факультетінің
3 курс студенті

РУХҚА ТАҒЗЫМ

Сол кезді бізге актер, күн,
Сұлбасын көрсет шақтардың.
Көрдін сен адам қанымен
болғанын қызыл ақ қардың.

Қарағай, терек, самырсын,
Ойында бәрі-танырсын.
Ұмытпа, егер ұмытсаң-
Қара көздердің қаны ұрсын!

Жүректер соққан дүрсілден,
Алатау жиі күрсінген.
Қырғынды көріп көк аспан,
Қалған ед сонда күр сүлден.

Биікте ұстап арды аман,
Ерліктің жібін жалғаған.
Ұрандап ұрпақ шыққанда,
Ішегін тартқан бар ғалам.

Өтеді зулап есіл күн,
(Тас ескерткішіне тесілдім.)
Қан сінген жерден күнде өтем,
Боздақтар мені кешіргін.

Уақытың жүйрік қарагер,
Ілесіп бірге барады ел.
Еркіндік алған сендерді
Шығармас естен қара жер!

Әсел КЕРІМБЕКОВА,
журналистика факультетінің
1 курс студенті.

**АРАЙЛАП
ҚОС ТАҢ АТТЫ**

Бірде елімді күнірентіп ерекше бір
таң атты,
Көптен күткен ұлыс едік дәл осы
сын сағатты.
Жастарымның гүрілдеді жүрегінде
дауылы,
Өртеп бәрін, отарлықтың лапылдады
жалыны.

Сөйтіп жақын, жақын келді еркіндіктің
ауылы,
Жылап соқты шапалағын азатты елдің
қауымы.
Дәл осылай асыл халық құсалығын
таратты,
Ал жастарым елдігімнің іргетасын
қалапты.

Ызғарлы сәттен тоңазыды жас өркеннің
бауыры,
Оқ боп қары, қан боп ақты нәсерлеткен
жауыны.
“Азаттығым, бостандығым!” болды бірақ,
бар үні,
Көкіректі тесіп шыққан намысы мен
жалыны.

Мойымады сонда да ұлтымның үл мен
аруы,
Жасақтады мемлекетті осындай
қос қаруы.
Артта қалды тарихтағы қиянаттың бар уы,
Қуантады жаңа елдің бүгінгі
бүршік жаруы.

Азамат ЕСБЕРГЕНОВ, журналистика факультетінің 1 курс студенті.

ЖЕЛТОҚСАНШЫ ӨСИЕТІ

Желтоқсанда аяз, көк мұз,
ақ қарда,
Ұлт басына қатер төнген шақтарда.
Намыс туын желбіретіп жүректе,
Қарсы шықтық, бұдан артық
бақ бар ма?

Қорғамақ боп Қонаевтай асылды,
Қазақ үшін туған қайсар хас ұлды.
Желкілдеген жас өркендер шыққанбыз,
Кумақ болып сырттан келген масылды.

Дүр сілкілтіп самарқаулау сананы,
Оятып ек, шырт ұйқыдан даланы.
Әтеген-ай, сатқындық кесірінен,
Қанға бөкті Алматының алаңы.

Жатты сонда бүлк етпестен мына алаң,
Босып жүрді қаракөздер жылаған.
Жатты мұнда жауға атылған жебелер –
Қайсар ұлдар естен танып құлаған.

Сасқанынан жан-жағына алақтап,
Зәңгалақтар болды күшпен таратпақ.
“Менің елім!” деп өңдеткен жастардың,
Қандарынан шұбарланды қар аппақ.

Өкпелерді қарып өтіп өкпек жел,
Күзге айналып жатқан кезде көктемдер.
Жым болды-ау теріс киіп тондарын
Қолдаймыз деп уәде үйіп-төккендер...

Бәрі өтті... Шүкір Аллам!
Бүгінде,
Қайсар қыран қалықтаған көгінде.
Қазақ деген егеменді елім бар
Ұлы елге айналатын түбінде.

Осы елді дәріптеңдер, мактандар,
Сендерсіңдер ертен атар ақ таңдар.
Біздер жаққан қайсар рух алаңын,
Аялаңдар, өшіріп алмай сақтандар!

Аялаңдар кім жазықсыз, жазықты,
Мол алыңдар рухани азықты.
Нық ұстандар, айналайын, жастарым,
Тәуелсіздік деген алтын қазықты.

P.S.
Екенсіз, аға, дәуірдің саф алтыны,
Шартарапқа таралатын жарқылы.
Өсиетіңіз кейінгі жас ұрпаққа,
Жеткізілер мына інііз арқылы.

Ерғали БАҚАШҰЛЫ, журналистика факультетінің 3 курс студенті.

ТАҒЗЫМ

Тағзым етпей алаң шегін баспандар,
Арманына жете алмайды асқандар.
Бұл жер қалқам бстандықтың тұғыры,
Қас жауларды жолатпандар, жасқандар.

Ұлт намысы орын алып санаңнан,
Іргенді алыс ұстаған кез сараңнан.
Нар халықтың көк бөрісі оянып,
Желтоқсанда бағы жанған алаңнан.

Мойын бұрмай өміріне жаттардың,
Шындығыңды шырылдатып ақталдың.

Әлем халқын ерлігіңмен тәнті етіп,
Абыройын қорғап қалды сақтардың.

Қас батырлар қаһарланып егесте,
Сұм заманның зары кетті келмеске.
Рухымыз көкті кезіп шарлап жүр,
Біз қайтадан тірілгесін өлмеске.

Басымды ием, басыңды имей өтпендер,
Ойда болып, аударылған көк пен жер.
Боздақтарым мәңгі есте қалады,
Бізге силап кеткен үшін көктемдер.



“АВТОМАТ”

ӘЗІЛІН ЖАРАССА...

СТУДЕНТ АНЫҚТАМАЛЫҒЫ

- Университет – “Өмір мектебі”
Декан – “Менің Әуезовім”
Замдекан – “Оң қол”
Ұстаз – “Ағалардың алақаны”
Курстас – “Менің замандастарым”
Группалас – “Менің құрдастарым”
Лекция – “Өліара”
Лекция дәптер – “Аманат”
Сабақ біткенде – “Соғыс Батысқа қарай кетіп барады”
Сабақтан қайтқанда – “Тойдан қайтқан қазақтар”
СМӨЖ – “Ақиқат пен аңыз”
Студенттік шақ – “Дүние-думан”
Танысу – “Менің атым Қожа”
Первашка – “Жабайы алма”
1-курс – “Әнгүдік”
2-курс – “Пысық болдым мінекей”
3-курс – “Асуда”
4-курс – “Қош бол, менің ертегім”
Магистрант – “Мәңгілік бала бейне”
Старшак – “Жоқ іздеген жігітпін”
Перваш пен старшак – Бөдене таланттар мен Қажымұқандар
Семестр – “Біздің жақта қыс ұзақ”
Староста – “Жау тылындағы бала”
Емтихан – “Қан мен тер”
Емтихан тапсырғанда – “Сергелдең болған серілер”
Емтиханнан құлағанда – “Апат”
Шпор - 03
Сессия соңы – “Аласапыран”
Диплом жұмысы – “Соңғы парыз”
Жатақхана – “Бір жұтым ауа, қызыл күн”
Жатақхана – “Ақын. Періште. Махаббат”
Жатаққа барар жол – “Құс жолы”
Жатақтан сабаққа дейін – “Балалар үйінен дзотқа дейін”
Жатақханадан кету – “Ескі үймен қоштасу”
Бөлме – “Жетінші палата”
Маршрут – “Көгілдір такси”
Ауылдан келгенде – “Бетпақдала бөлітігі”
Демалыс – “Сағыныш”
Дебат – “Айқас”
Дене шынықтыру сабағы – “Елең-алаң”
Концерт – “Ой түбінде жатқан сөз”
Комендант – “Аспандағы өпке”
Вахта – “Қорқыттың көрі”
Вахтерша – “Бандыны қуған Хамит”
Ұрлық қонақ – “Кісен ашқан”
Стажировка – “Екінші өмір”
Махаббат – “Күзгі романс”
SMS – “Жүректегі жазулар”
Жүретін қызың – “Ең әдемі келіншек”
Үйленген шақ – “Ол көктем оралмайды”
Жұмыс бастылар – “Өмір сүргің келсе”



Айдай-ей...

Сайран да салар кетіп күн, Сессия, бізге де жетіпсің Семестр бойы оқымай Мен неменге жетістім. Дәрістерді тындамай Дәптерлерді былғамай Сонда да шеберлікпенен Семинарлардан өтіппін. Информатиканы менсінбей Жүрегіне апайдың Өшпенділікті бекіттім. Қырсыққанда балл қоярда Дәптерді ұмытып кетіппін. Солай да, солай қарағым, Нашарлап кетті сабағым. Отыз балға жетпесем “Автомат” қайдан аламын “НБ-лерімді” құрта алмай Таусылды менің амалым Сессияны ойласам, Жасқа толар жанарым Жырма балға жете алмай

Шерменде болып барамын. “НБ-ім” де менің көп тегі Айналдырғандай тек мені Аласапыран айналам, Заманым аумалы-төкпелі “Автоматтарға” қарық боп, Группаның жүр кейбір дүр Ханымдары мен бектері. Бұлай жүрген оқудан Жақсы екен ауыл мектебі. Көбі қару алыпты Майдан болып кеткендей Алатаудың бектері. Қыратын жауды “автомат” Біздерге қарай жетпеді. Мұнымыз енді арманға Қол созғандай ғой көктегі Құрығанда бізге бере тұратын Басқаша қарулар жоқ па еді? Айдай-ей, Айдай-ей, Айдай-ей...

АМАЛЫМ ҚАНША...

Жіберер үйге сен бе едің жүйрік пырағым, Өзінді талай мұғалімдерден сұрадым. Ала алмай сені шерменде болып сабақта Амалым қанша еңіреп талай жыладым.

Ессіз де менің етегім келмей қымтауға Түк сабақ айтпай, ұқсап барамын мылқауға. Бес балл жетпеген қарусыздығым болмаса Елу балға да, елу балға да мың төуба Амалым қанша, елу балға да мың төуба!

Боларсың апай әнімді менің естіген Таба алмай жауап алдында талай өштім мен. Жоғалтып дәптер, ұрысыңды естіп сабақта Амалым қанша, жалқаудың күнін кештім мен Жалқаудың күнін кештім мен.

Есіркей көрші, мүсіркей көрші өтінем, “Автомат” қойсаң жетім қозыдай жетілем. Ведомостқа қойған бағаныз апай сол болса, Несіне налып, несіне налып өтінем Амалым қанша, несіне налып өкінем.

Ертерек бітіп, ауылға қарай шығар ем, Өттең-ай, өттең, дүние неткен шұбар ең. Бермей тұр маза, келмей тұр маған қырсығып “Автомат” деген, “автомат” деген бір бөлең Амалым қанша, автомат деген бір бөлең!

Аласың қалай “автомат”?



Басыңа қонса бақ-талап, Басыңа қонса бақ-талап, Жауап берсең бөріне Сұрақтарды жаттап ап. Жүрсең әркез ойланып, Файылына миыңның Жауаптың бөрің сақтап ап, Кенет басың айналып Артынан еріп кетпесең Ару көріп ақ тамақ. Абайлап жүрсең әрқашан Айналана сақ қарап. Жатпай тұрмай оқысаң Өз-өзінді пайдасыз, Жат істерден қақпалап. Жүрсең назар салмастан,

Обцагада туатын Проблемаға қат-қабат Әдепті болсаң әмөнда Кім бар сені таптамақ? Бара қалсаң ауылға Қайтып келсең күнбе-күн Жатып алмай апталап, Кітаптарға шүйліксең Қыранға ұқсап ақбалақ. Тіпті, мүмкін болмаса Апайларды мақтап-ақ Кейбіреулер сияқты Аларсың сен де “АВТОМАТ”!

Мұрат ЕСЖАН

ҚазУУ-дың қызғалдақтары

Фотоэтюд

МАМЫРЖАННЫҢ ФОТОСЫ

Жапырақ жүрек жас қайың, Жанымды айырбастайын, Сен адам бола бастасаң, Мен қайың бола бастайын, Келісесің бе жас қайың?

М.Мақатаев



“Ел аузынан”

МАҒЫНАСЫ МАЙЫСҚАН МАҚАЛДАР

- Студент жоқтығын білмейді, Бизнесмен тоқтығын білмейді.
Абитуриентті оқуға кім түсірсе, сол ыстық.
Зачет ала алмай жүріп, Сынақтан сүрінгенге күлме.
Тойған студент қазанға жиіркеніп қарайды, Аш студент қазанға үздігін қарайды.
Жатахананың да Құдайы бар.
Студенттің бір тойғаны шала байығаны.
Стипендиясы бар студент сүйемекке жақсы.
Курстас ақысы Құдай ақысы.
Курстастар дұрыс достар.
Қыздардан түнілдірсең де, Сессиядан сүріндірме.
Браты бар студент, Блаты бар студент.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты.

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

- Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ - ректор;
Н. ОМАШҰЛЫ - проректор;
Б.Ө. ЖАҚЫП - декан;
М.Т. МҰҚАШЕВА - “Парасат” кәсіподағының төрайымы;
А.А. ШЫБДҚО - ақпараттық-сараптамалық бөлімнің бастығы;
Ғ.СЕРІМ - студенттердің “Сұңқар” кәсіподағының төрағасы.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

- Бас редактор - Дәрмен СМАЙЫЛ;
Жауапты хатшы - Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА;
Бөлім меңгерушісі - Акерке АЛПАРОВА;
Көркемдеуші-беттеуші - Талғат АХМЕТҚАЗЫҰЛЫ;
Фототіліші - МАМЫРЖАН;
Кезекші редакторлар - Лаура БЕКБОЛАТҚЫЗЫ, Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 47-29-29, ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.

Нөмір редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. “Полиграфсервис” баспаханасында (Жандосов көшесі, 55) басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы- 1000 дана. Көлемі 2 б.т. Индексі 65989. Тапсырыс № 525

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Редакцияға түскен колжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

“Қазақ университетіне” жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.